

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL



ТЕМІРЛАН ЕҢСЕБЕК
ҚАЗАҚСТАН

**БЛОГЕР ӘЛЕУМЕТТІК
МЕДИАДА САТИРА
ЖАЗҒАНЫ ҮШІН
ҚУДАЛАНДЫ**



Құқықтар үшін жаз:

ӨМІРЛЕРДІ ӨЗГЕРТЕТІН ХАТТАРДЫ 20 ЖЫЛ ЖАЗУ

Санаулы адамдар біріксе, нәтижелері таңқаларлық болуы мүмкін.

Жиырма жыл бұрын Польшада белсенділердің шағын тобы 24 сағат бойы хат жазу марафонын өткізді. Осы идея келесі жылдары тарап кетті. Бүгін Құқықтар үшін жаз науқаны әлемдегі адам құқықтары бойынша ең ірі оқиға болып табылады.

2001 жылы 2326 әріптен бастап, 2020 ж. 4,5 миллион хат, твиттер, петицияларға қол қою мен басқа әрекеттерімен дүние жүзіндегі адамдар география кедергі емес деген ой төңірегінде бірігіп, сөз күшін қолданды. Осы тұлғалар бірлесіп, жылдар бойы 100-ден астам адамның өмірін өзгертуге, азаптаудан, қудалаудан не әділсіз қамаудан босатуға көмектесті.

Биылғы науқан осы қолдауды бейбіт белсенділігі, көзқарастары не жеке ерекшеліктері үшін қудаланған адамдарға бағыттады. Бұған ЛГБТИ белсенділері, қоршаған ортаны қорғаушылар мен бейбіт шерушілер жатады. Осы адамдарды әртүрлі ұрып-соқты, түрмеге жапты, атты, қудалап, қорқытты. Құқықтар үшін жаз науқаны арқылы олар бүкіл әлемнен мыңдаған адамдардың ынтымақтастық хабарларын алады. Олар да, олардың отбасылары да жағдайлары жұртшылықтың назарында және ұмытылмағандарын біледі.

Хат жазу әрекеттерімен қатар Amnesty сол адамдардың өмірлерін өзгертуге әлі келетіндермен, мысалы саясаткерлермен сөйлеседі. Сонымен бірге, Құқықтар үшін жаз науқаны қоғамдық шаралар арқылы осы әділетсіздіктерді көрсетіп, әлеуметтік желілерде халықаралық назар аудартады.



Өткен жылдары науқанға қатысқан адамдар мен топтар осы әрекеттер ерекше екенін айтып, көп адамдар оларға алаңдағаны күш беретінін сипаттайды.

273784
Amnesty
Taiwan
2020

Осы адамдар мен ұқсас жағдайдағы адамдар мен топтарға елдерінің биліктері өз көзқарастарын жақсы жаққа өзгерткені жиі жағдайда көзге көрінеді. Айыптаудан бас тартып, адамдар қамаудан босатылуы мүмкін. Адамдарға адамгершілікпен қарап, әділетсіздікке қарсы жаңа заңдар не ережелер енгізіліп жатады.

■ Қорғап жүрген адамдарымыз туралы оқыңыз:
www.amnesty.org/writeforrights

■ Өз еліңіздері Amnesty бөлімшесімен байланысыңыз:
www.amnesty.org/countries

■ @Amnesty, қолдау туралы твит жазып, #W4R21 хэштегін пайдаланыңыз.

БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныптар, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша бұрын не білгенін, топ мөлшерін және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін, сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында өздеріне қауіпсіз болуын талқылаңыз.

Сабақтардың бәрі қатыстыру әдісіне негізделеді, мұнда оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдісте мең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, өйткені қатысушылар:

Маңызды дағдыларды **ДАМЫТАДЫ**

Өз пікірін қалыптастыру, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге **МҮМКІНДІК АЛАДЫ**

Өз оқу үдерісін **БАСҚАРЫП**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады

Ықыласпен қатысып, өз көзқарасын қалыптастыруға керекті **АЯҒА ИЕ БОЛУҒА** мүмкіндік береді

■ Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International Көмекші оқулығымен танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз:
www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/

■ Amnesty International адам құқықтары оқу курстарын ұсынады, соның ішінде Хаттар марафоны туралы айтатын құқық қорғаушылар туралы қысқаша курс:
<https://academy.amnesty.org/learn>

СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗ ЫҚПАЛДЫ



САУД АРАБИЯСЫНДА БЕЛСЕНДІ БОСАТЫЛДЫ

Әйелдер бостандығы үшін күресуші Нассима ас-Сада 2018 жылы адам құқықтарын бейбіт түрде қорғағаны үшін қамауға алынды. Түрмеде күзетшілер оны ұрып-соққан және бәрімен, тіпті өз адвокатымен де кездесуге тыйым салған. Бірақ 777,611 хаттар, твиттер және тағы басқаны жазған бүкіл әлемдегі жақтастарының арқасында Нассима 2021 жылғы маусымда бостандыққа шығып, отбасы мен достарына қайта оралды.

ҮШ БАЛАНЫҢ ӘҚЕСІ ОТБАСЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

2018 жылдың сәуірінде Бурундиде ҰЕҰ қызметкері және құқық қорғаушы Жермен Рукуки жалған айыптаумен кінәлі деп танылып, 32 жылға бас бостандығынан айырылды. Ол қамалғаннан бірнеше жетіден кейін дүниеге келген кіші баласын қолына алу мүмкіндігіне ие болмай, тұтқындалды. Оның отбасы жазалаудан қорқып, елден кетті. 2021 жылғы 30 маусымда Жермен оны босатуға шақырған 436 000-нан астам шаралардың арқасында ақыры бостандыққа шықты және отбасымен қайта қосылды.



ОҢТҮСТІК АФРИКАДА ӘДІЛСӨТ БІР ҚАДАМҒА ЖАҚЫН БОЛДЫ



Попи Квабе мен Бонгека Фунгула атты екі досты 2017 жылғы мамырда түнгі сапарға шыққанда өлтірді. Олардың отбасылары полиция тергеуінің тұрақсыздығы мен ұзаққа созылғанынан әлі күнге дейін қиналып келеді. Алайда 2021 жылғы наурызда полиция бүкіл дүние жүзінен отбасыларды жақтастарынан қол қойылған 341 106 петиция алғаннан кейін істі қайта қозғады. Полиция өз тергеуін аяқтап, істі Ұлттық Прокуратурасына жіберді. «Мен сенімдімін», - деді Попидің әпкесі Тембелиле. «Ақыры, бірдеңе өзгеретіндей сезінемін».

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрқайсымызға тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жеке өміріне қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген.

Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуы керек. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, олар бәрімізге де, осы дүниедегі әрқайсымызға тән. Оларды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясынан басталған халықаралық адам құқықтарының құралдары бүкіл әлемде өмірді жақсарту үшін ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарына берік шеңбер жасады. Адам құқықтары үкіметтер үшін заң ретінде болды. Олар үкіметтер мен шенеуніктердің өз юрисдикциясы шеңберінде және одан тыс жерлерде адамдардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және орындау міндеттерін жүктейді.

Адам құқықтары сән-салтанатқа қана арналған әшекей бұйымдары емес.



273808 Amnesty International Benin - W4R 2020



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтауға міндетті екендеріне келісті.

Атынан белгілі болғандай, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды сақтайтындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды: АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер жасалды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ



АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР

Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.

- 1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік
- 2-бап Кемсітуден еркін болу
- 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы
- 4-бап Құлдықтан еркін болу
- 5-бап Азаптаудан еркін болу



ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР

Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсот құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.

- 6-бап Бәрі де заңмен қорғалады
- 7-бап Заң алдында бәрі тең
- 8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау
- 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу
- 10-бап Әділсот құқығы
- 11-бап Кінәсіздік презумпциясы
- 14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы



ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР

Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.

- 12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы
- 13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы
- 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы
- 24-бап Демалу құқығы
- 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.

- 15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы
- 17-бап Мүлікке ие болу құқығы
- 22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы
- 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы
- 25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы



САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР

Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы.

- 18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы
- 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы
- 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы
- 21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу



МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.

- 27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу
- 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы
- 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті
- 30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!



ШАРА:

“ӘЗІЛ-СЫҚАҚҚА БОСТАНДЫҚ”

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- Пікір білдіру бостандығы

ШАРА ТУРАЛЫ

Шара сатиралық жаңалықтар мағынасында сөз бостандығына ие болу құқығын зерттейді және Темірлан Еңсебектің шынайы оқиғасын қолданып, оны қатысушылардың өмірімен байланыстырыңыз.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қатысушылар:

- Адам құқықтары ұғымын түсіну
- Пікір білдіру бостандығын және саяси сатира мен жалған ақпарат мағынасында оның маңыздылығын түсіну
- Пікір білдіру бостандығы бұзылғандарға жанашырлық таныту
- Amnesty International-дың Құқықтар үшін жаз науқаны туралы білу
- Темірлан Еңсебекті қолдау үшін хат жазу

УАҚЫТ

60 мин

МАТЕРИАЛДАР

- Үлестіру материалдары: АҚЖОД баптары карталары
- Үлестіру материалдары: Күнде жасалатын шаралар карталары
- Үлестіру материалдары: Сатира мен сатирикалық жаңалықтар мысалдары
- Үлестіру материалдары: Темірлан Еңсебек картасы
- Жалпы ақпарат: Пікір білдіру бостандығы
- Жалпы ақпарат: ҚҰЖ науқаны
- Хаттар не құжаттар нұсқалары

ДАЙЫНДЫҚ

- Үлестіру материалдарын әр қатысушыға көшіріп беріңіз

ЖАСЫ: 14+

COVID-19 САҚТАНУ
ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ:

COVID-19 пандемиясы кезінде өз жеріңізде қоғамдық денсулықты сақтау ережелерін сақтап, өткізу орнында қауіпсіздік және арақашықтық сақтау шараларын қамтамасыз етіп, шараны өткізіңіз.

Шараны онлайн өткізген жағдайда:

- Қауіпсіз қатысу мен өзара әрекетжасауға мүмкіндік беретін платформаны таңдаңыз
- Шараны тиісті рефлексиялар мен (шағын топтарда) пікір алмасуға мүмкіндік беру үшін бейімдеңіз
- Жақсы қатысу үшін техникалық қолдау көрсетіңіз.

1. КҮНДЕЛІКТІ ШАРАҒА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР

Қатысушылармен амандасып, оларды бірнеше кішігірім топтарға бөліп, АҚЖОД сегіз баптары карталарын және сегіз күнделікті шара карталарын әр топқа таратып беріңіз. 11-12 бетіндегі үлестіру материалдарын пайдаланыңыз.

Топтарды мысалдар қандай құқықтарға сәйкес келетінін анықтауды сұраңыз. Қандай күнделікті шара картасы қандай АҚЖОД бабына сәйкес келеді?

Топтарға қайта бөліп, жауаптарын талқылауды сұраңыз.

Олар осындай сияқты болуы тиіс:

19-бап Мен әлеуметтік медиа пайдаланамын және әртүрлі тақырыптар бойынша өз ойымды айтамын.

3-бап Мен өз қаламда еркін және өмірім үшін қорқынышсыз жүремін

12-бап Мен мұғалімге жеке өмірім туралы айтуға міндетті емеспін

13-бап Өз елімде қалаған жерге еркін бара аламын

25-бап Ауырсам, дәрігерге қараламын

18-бап Өз дінім не сенімім туралы еркін айта аламын

24-бап Достарыммен ойнаймын

26-бап Мектепке және оқуға бара аламын

Кей бір мысалдар бойынша бірнеше құқықтар болуы мүмкін. Бұл құқықтардың өзара байланыста екенін көрсетудің жақсы мүмкіндігі.



15 МИН.



Қатысушыларға алғыс айтып, осы сабақтар жоспарының 4 бетінде берілген ақпаратты пайдаланып, адам құқықтары ұғымын қысқаша түсіндіріңіз. Еркіндік, әділеттілік пен теңдік адам құқықтарының негізін құрайтын және адам құқықтары туралы көптеген халықаралық шарттарда бекітілген құндылықтар екенін атап өтіңіз. Сөз бостандығы - адам құқықтары жөніндегі көптеген халықаралық және аймақтық шарттармен кепілдік берілген құқықтардың бірі. Адам құқықтарын үкіметтердің өз юрисдикциясында және шетелде құрметтеу, қорғау және орындау міндеттері екенін түсіндіруге назар аударыңыз.

■ Amnesty осы әрекеттерді жүзеге асыруды қолдау үшін қолдануға болатын жедел онлайн курстарды әзірледі. Мысалы, Amnesty Academy платформасында 90 минуттық «Адам құқықтарына кіріспе» курсы бар.

<https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/120/vvedenie-v-prava-celoveka>

Сілтемені барлық қатысушылармен:

- дайындық ретінде шараның алдында не
- одан кейін тұжырым ретінде бөлісуіңізге болады.

2. ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ



Қатысушылардан “пікір білдіру бостандығын” қалай түсінетіндерін сұраңыз.

Мынадай сұрақтарды қойып көріңіз:

- Еліңізде жастар өз пікірін білдіретін жолдары қандай?
- Өз ойыңыз бен пікіріңізді қалай білдіресіз?
- Сіз өз пікіріңізді білдіру үшін әлеуметтік желіні қалай қолданасыз? Бұл Сіз үшін маңызды ма? Неге?

Пікір білдіру бостандығына ие болу құқығы АҚЖОД-ң 19-бабында қорғалатынын қысқаша түсіндіріңіз.

Тақтада толық анықтаманы оқыңыз немесе көрсетіңіз:

«**Әркім өз ойы мен пікірін білдіруге құқылы; бұл құқыққа кез келген бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және шекараларға қарамастан, пікірін еркін ұстану және ақпарат пен ойларды іздеу, алу және тарату бостандығы кіреді.**»

Қатысушыларға баппен танысуға 1 минут беріп, сұрақ қойыңыз.



Сатира ұғымын түсіндіріңіз. Сіз осыларды пайдалана аласыз:

«**Сатира – бұл адамдардың қателесетінін көрсету үшін адамдарды не ойларды сынаудың күлкілі тәсілі, немесе осы стильде жазылған жазба әлде пьеса.**»



Кембридждік академиялық
мазмұндық сөздігіндегі
сатираның анықтамасы
© Cambridge University Press

Қатысушыларға тұжырымдамамен танысуға 1 минут беріңіз және бар болса сұрақтар қойыңыз (бап).

Қатысушылардан жұптасып жұмыс істеуді сұраңыз.

Сатира мен сатиралық жаңалықтардың мысалдарын таратып, келесі сұрақтарды талқылауға 3 минут беріңіз:

- Қандай мысалдар өзіңізге ең күлкілі? Неге?
- Олар қандай қателіктер мен әлеуметтік мәселелерді көрсетеді?
- Үкімет туралы сатира жайлы не ойлайсыз?
Бұл пікір білдіру бостандығына қалай байланысты?

Қатысушыларды қайтадан бір топқа қосыңыз. Еріктілерден өздеріне ең күлкілі болған сатира не сатиралық жаңалықтарды оқуды сұраңыз. Қатысушылардан жұптарда талқылаудан алған әсерін бөлісуді сұраңыз.

15-бетіндегі “Жалпы ақпарат: Пікір білдіру құқығы” пайдаланып, қатысушыларға пікір білдіру бостандығына ие болу құқығы туралы ақпарат беріңіз.

Өртүрлі пікірлерді ұстану құқығы әр қоғамда болу керек екеніне Назар аударыңыз. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық стандарттар сөз бостандығын тек кейбір жағдайларда, мысалы, жеке тұлғаны не біртоп адамдарға қауіп төндіретін зорлық-зомбылыққа шақыру болса ғана шектеуге мүмкіндік беретінін атап көрсетіңіз. Үкіметке қарсы сатира немесе сатиралық жаңалықтар әдетте ешкімге қауіп төндірмейді; сыбайлас жемқорлыққа және басқа да әлеуметтік мәселелерге қарсы пародия сіздің пікіріңізді білдірудің және қоғам қызығушылығын тудыратын мәселелер бойынша пікір алмасудың маңызды құралы бола алады.



3. ТЕМІРЛАНЫҢ ОҚИҒАСЫ

 10 МИН.

Әр қатысушыға Темірлан Еңсебек туралы картаны таратып беріңіз. Темірлан Қазақстанның жас Instagram блогері екенін түсіндіріп, оларға оқып алу үшін бірнеше минут беріңіз.

Темірлан Еңсебек Amnesty International өзінің Құқықтар үшін жаз найқанына таңдалған оқиғалардың бірі екенін түсіндіріңіз. Қатысушылар науқан туралы білмесе, ол туралы ақпарат беріңіз. 2-3 бетіндегі материалдарын пайдаланыңыз.

Қатысушыларды мынадай сұрақтарға жауап беруге шақырыңыз:

- Темірланның оқиғасында Сізді ең таң қалдырғаны не?
- Темірлан қандай құқықтар бұзушылықтарына тап болды? Үкімет Темірланның сатирикалық блогын цензураға салу үшін қандай заңды пайдаланды?
- «Жалған ақпарат» туралы заңның сөз бостандығына және адамдарға қандай әсері бар? Ол қоғамды қалай өзгертеді?

Қатысушыларға алғыс айтып, сатира және саяси жаңалықтар пікір білдіру бостандығына ие болу құқығымен, әсіресе сатира саясаткерлерге, шенеуніктерге не басқа ықпалды адамдарға бағытталса, қорғалатынын атап айтыңыз.

4. ӘРЕКЕТ ЖАСА: ХАТ ЖАЗЫП, ӨМІР САҚТА

 10 МИН.

Бұрынғы Құқықтар үшін жаз науқандардың нәтижелі оқиғаларымен бөлісіп, Amnesty Темірлан Еңсебекке әділдік сұрауға адамдарды шақыратынын түсіндіріңіз.

Оларды Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігіне мынадай мекен-жай бойынша хат жазуға шақырыңыз:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министріне

Аты: Ерлан

Фамилиясы: Тұрғымбаев

Facebook: @Ерлан Тұргумбаев

ІІМ мекен-жайы:

Тәуелсіздік даңғылы, 1, Нұр-Сұлтан, 010000, Қазақстан Республикасы

Кеңсе: + 7 (7172) 72-22-31

Баспасөз қызметі: + 7 (7172) 71-51-89

Министрліктің Email: kense@mvd.kz

Мақсат:

Темірлан Еңсебектің сөз бостандығы құқығын пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмауына және оның Instagram-дағы Qaznews24 блогына қатысты тергеу тоқтатылуына барлық қажетті шараларды қабылдау.



Қатысушылар бойынша Құқықтар үшін жаз науқанының веб-парақшасынан жүктеп алуға болатын хат үлгілерін қолдана алады немесе Сіз жеке хат жазу үшін оларға келесі нұсқауларды бере аласыз:

Қазақстанның Ішкі істер Министріне жеке адамның пікірін білдіретін хат екенін көрсетіп жазыңыз. Мысалы, былайша:

Өзіңіз туралы:

- Темірлан Еңсебек оқиғасында өзіңізді не таң қалдырды
- үкіметтер сөз бостандығына ие болу құқығын құрметтеуі неге маңызды деп ойлайтыныңыз
- Темірланға және оның Instagram блогына қарсы қылмыстық істі тоқтату

Сонымен бірге, үкіметтен пікір білдіру бостандығына ие болу құқығын бұзатын Қылмыстық кодекстің 274-бабын жоюды сұрауыңызға болады.

Немесе қатысушылар Темірланға хат жазу арқылы ынтымағын көрсете алады:

Темірлан Еңсебекке

Мекен-жай:
Еркіндік қанаты ҮЕҰ
Нұр-Сұлтан қ., Кенесары көшесі, 8
1417-офис, 14-қабат
010000, Қазақстан

Мақсат:

Темірлан Еңсебекке әзіл жазудан тайынбай, өз пікірін білдіру бостандығын пайдалану керектігі туралы айту.



ҮЛЕСТІРУ МАТЕРИАЛЫ:

АҚЖОД БАПТАР КАРТАЛАРЫ

19-БАП:

**ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫНА
ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ
АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫ**

3-БАП:

**ӨМІР СҮРУ ҚҰҚЫҒЫ, ЖЕКЕ БОС-
ТАНДЫҚҚА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ, ЖЕКЕ
ТҰЛҒАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҚҰҚЫҒЫ**

12-БАП:

**ЖЕКЕ ӨМІР ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ
БАСПАНА, ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ**

13-БАП:

**МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА ШЕГІНДЕ
ЕРКІН ӨМІР СҮРУ ЖӘНЕ ЖҮРУ
БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОТУ ҚҰҚЫҒЫ**

25-БАП:

**ЖЕТКІЛІКТІ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР
ДЕҢГЕЙІНЕ ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ**

18-БАП:

**НАНЫМ-СЕНІМ (ОНЫҢ ІШІНДЕ
ДІНГЕ СЕНУ) БОСТАНДЫҒЫНА
ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ**

24-БАП:

ДЕМАЛУ ҚҰҚЫҒЫ

26-БАП:

**БІЛІМ АЛУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ
БАСТАУЫШ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫ**

ҮЛЕСТІРУ МАТЕРИАЛЫ: КҮНДЕЛІКТІ ШАРА КАРТАЛАРЫ

МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ
ҚОЛДАНАМЫН ЖӘНЕ ӘР ТҮРЛІ
ТАҚЫРЫП БОЙЫНША **ӨЗ ОЙЫМДЫ**
БІЛДІРЕМІН

МЕН ӨЗ ҚАЛАМДА ӨЗ ӨМІРІМ ҮШІН
ҚОРЫҚПАЙ, **ЕМІН-ЕРКІН ЖҮРЕМІН**

МЕН МҰҒАЛІМГЕ ЖЕКЕ ӨМІРІМДІ
АШУҒА **МІНДЕТТІ ЕМЕСПІН**

МЕН ӨЗ ЕЛІМНІҢ ҚАЛАҒАН ЖЕРІНЕ
ЕРКІН БАРА АЛАМЫН

МЕН АУЫРЫП ҚАЛСАМ
ДӘРІГЕРГЕ БАРАМЫН


МЕН СЕНИМІМ ТУРАЛЫ
ЕРКІН СӨЙЛЕЙМІН

МЕН ДОСТАРЫММЕН **ОЙНАЙМЫН**

МЕН МЕКТЕПКЕ БАРЫП,
ОҚИ АЛАМЫН



ҮЛЕСТІРУ МАТЕРИАЛДАРЫ:

САТИРА МЕН САТИРИКАЛЫҚ
ЖАҒАЛЫҚТАР МЫСАЛДАРЫ

**БИЛІК ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСКЕНДЕ СЫПАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰРМЕТТІ
ҚИМЫЛМЕН ЛӘЗЗАТ БІЛДІРУГЕ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН.**

МИХАИЛ САЛТЫКОВ-ЩЕДРИН,
19-ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС САТИРИГИ



Like



Comment



Share

САҚШЫ: ДЕГЕНМЕН, ЖАЗЫП ЖАТЫР.

БУРГОМИСТР: НЕ?

САҚШЫ: ҚАБЫРҒАЛАРДА «L» ӘРІПТЕРІН. БҰЛ ДЕГЕНІМІЗ - ЛАНЦЕЛОТ
(НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ ЖЕТЕКШІСІ).

БУРГОМИСТЕР: БЫЛШЫЛ. «L» ӘРПІ - БІЗ ПРЕЗИДЕНТТІ ЖАҚСЫ КӨРЕМІЗ
ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ.

САҚШЫ: ИӘ. ЯҒНИ, ЖАЗҒАҢДАРДЫ ОТЫРҒЫЗБАУ КЕРЕК ПЕ?

БУРГОМИСТЕР: ЖОҚ, НЕГЕ. ОТЫРҒЫЗ.

ЕВГЕНИЙ ШВАРЦ, КЕҢЕС ДРАМАТУРГИ,
XX-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ




Like



Comment



Share



**ШЕТЕЛДЕ ОҚИТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ШЕТЕЛДЕ ӨМІР
СҮРУДІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ ФОТО, ВИДЕО ЖӘНЕ АҚПАРАТ
ЖАРИЯЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

QAZNEWS24, САТИРИКАЛЫҚ БЛОГ, ҚАЗАҚСТАН, 2021 Ж.



Like



Comment



Share

**ПАЛАТА ЖАЛҒАНДЫҚ
ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАДЫ,
ЕНДІ САЯСАТКЕРЛЕР
ҚАМАУДА БОЛҒАНДА ҒАНА
ТҮТҚЫНДАЛУЫ МҮМКІН.**

SENSACIONALISTA, КҮЛКІЛІ
ЖАҢАЛЫҚТАР САЙТЫ,
БРАЗИЛИЯ, 2021 Ж.



**МИНИСТР СПЕРАНЗА
ЕСКЕРТЕДІ: “ПАНДЕМИЯ
КЕЗІНДЕ БЕТІНДЕ
МАСКАНЫҢ ІЗІ
ҚАЛМАЙТЫНДАРҒА
АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ”.**

ЛЕРСИО, САТИРАЛЫҚ АҚПАРАТ
АГЕНТТІГІ, ИТАЛИЯ, 2021 Ж.



**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ КЕМ ДЕГЕНДЕ ТУРИСТІК
МАУСЫМ АШЫЛҒАНҒА ДЕЙІН COVID-19 ЖАҒДАЙЫНЫҢ САНЫН
40,000-НАН 1000-ҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУГЕ КӨМЕКТЕСУ ҮШІН
ТАЛАНТТЫ МАТЕМАТИКТЕРДІ ІЗДЕЙДІ.**

ЗАЙТУН, САТИРАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР САЙТЫ, ТҮРКИЯ, 2021 Ж.



Like



Comment



Share



ЖАЛПЫ АҚПАРАТ:

ПІКІР БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫ (2020)

19-БАП, АҚЖОД

«ӘРКІМНІҢ ӨЗ ПІКІРІ МЕН ОМЫ БІЛДІРУ БОСТАНДЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ БАР; БҰЛ ҚҰҚЫҚҚА КЕЗ КЕЛГЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ЖӘНЕ ШЕКАРАЛАРҒА ҚАРАМАСТАН, ПІКІРІН ЕРКІН ҰСТАНУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ ПЕН ИДЕЯЛАРДЫ ІЗДЕУ, АЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОСТАНДЫҒЫ ЖАТАДЫ».

Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 19 -бабы сөз бостандығына ие болу құқығын қорғайды. Сөз бостандығы сіздің жеке пікіріңізді білдіру және оны үкіметтің араласуынсыз еркін білдіру құқығыңызға кепілдік береді. Бұған қоғамдық наразылық немесе жазбаша материалдар, БАҚ, интернет және өнер туындылары арқылы өз пікірін білдіру құқығы кіреді. Бұл құқықты пайдалану бостандығы - кез келген қоғам өмірінің өте маңызды жағы. Ойлардың еркін қозғалысы әртүрлі пікірлердің ескерілуін және әртүрлі ойлардың эфирге шығуын қамтамасыз етеді. Сөз бостандығына ие болу құқығын шектеу сонымен қатар ашықтық пен есептілікті төмендетеді және басқа адам құқықтары үшін күресті қиындатады.

Сөз бостандығы жалпы қоғам үшін ғана емес, жеке адам үшін де маңызды. Біздің пікірлеріміз бен ойларымыз - бізді адам ететін нәрсенің негізгі бөлігі (және адамдарды бұларды білдіруге тоқтату жеке тұлғаның бір бөлігін кесіп алумен тең)!

АҚЖОД-дағы құқықтарды әрі қарай дамытатын адам құқықтары бойынша келісім-шарттар сөз бостандығына ие болу құқығын кейбір нақты жағдайларда шектеуге мүмкіндік береді. Көптеген елдерде, мысалы, нәсілшілдік немесе басқа кемсітуге қарсы заңдар бар. Алайда, сөз бостандығына шектеулер тек басқа адамдардың немесе адамдар тобының құқықтарын қорғау үшін немесе белгілі бір қоғамдық мүдделерді, оның ішінде халық денсаулығын қорғау үшін қажет болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. (ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп немесе қоғамдық денсаулық пен моральды қорғау.)

Сатира және сатиралық жаңалықтар пікір білдіру бостандығына ие болу құқығымен қорғалады. Сонымен қатар, мемлекеттер сөз бостандығына кез келген шектеу нақты және қол жетімді заңда бекітілгенін қамтамасыз етуі тиіс және, мысалы, адам денсаулығын қорғау саласындағы халықаралық құқық шеңберінде халық денсаулығын немесе басқа да заңды мақсатты қорғау үшін керекті және сәйкес келуі тиіс. «Өтірік хабар» немесе «жалған ақпарат тарату» сияқты түсініксіз ұғымдарға негізделген ақпаратты таратуға тыйым салу бұл сынаққа сәйкес келмейді. Адам құқықтары туралы заңға сәйкес келмейтін сөз бостандығының шектелуі халық пен бұқаралық ақпарат құралдарына әсер етеді, репрессиядан қорқып өзін-өзі цензурауға әкеледі.



© Private

ОҚИҒА КАРТАСЫ – ТЕМІРЛАН ЕҢСЕБЕК

Темірлан, 25 жастағы блогер, Қазақстан, Алматыдағы Оян, Қазақстан жастардың азаматтық-саяси қозғалысының қолдаушысы және жеке кәсіпкер. Студент кезінде Темірлан студенттер арасындағы әзіл-сықақ байқауларына қатысып, әзілдер жазатын.

2021 жылдың сәуір айының басында Темірлан Qaznews24 инстаграмдағы сатиралық блогын құрды. Үш апта ішінде ол миллиондаған оқырмандары бар 5000 -нан астам жазылғандарды тартты. Кейбір танымал тақырыптар кедейлік, күшті көшбасшыға табыну, сыбайлас жемқорлық пен кемсітуге қатысты болды. Блог өзінің әзіл-сықақ мақсатын көрсету үшін «Абайлаңыз, сатира» деп анық аталды.

Сәуір айының соңында Темірланға желіде қоқан-лоққылар түсе бастады, ол өз еркімен аккаунтын бұғаттап тастады. 15 мамырда Алматы полициясы Темірланның үйіне тінту жүргізіп, оның ноутбугін, ұялы телефондары мен модемін тартып алып, Темірланды 5 сағаттық жауап алу үшін полиция бөліміне алып келді. Қылмыстық кодекстің 274 -бабы бойынша («қоғамдық тәртіпті бұзу қаупін тудыратын қасақана жалған ақпарат тарату») қылмыстық іс қозғалды. Содан бері Темірлан - «қорғалу құқығына ие куә», әдетте елеулі қылмыс жасағаны үшін айыпталушыға айналатын заңды мәртебе. Жазасы - шамамен 17000 еуро көлемінде айыппұл төлеу немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру.



© @Rukh2k19

Сатира, әсіресе саясаткерлерге немесе басқа мемлекеттік қызметкерлерге бағытталған болса, сөзді қорғау болып табылады, бұл сөз бостандығы құқығының стандарты. Бұл баптың Қазақстанның Қылмыстық кодексінде болуы адам құқықтарын рұқсат етілген шектеу стандарттарын бұзу болып табылады.

Қазақстанға Темірлан Еңсебекті қудалау тоқтатылсын және оның Qaznews24 Instagram блогына қатысты тергеу жабылсын деп айт.

ҚАЗАҚСТАН БИЛІКТЕРІНЕ ЖАЗ

Оларға қылмыстық істі тоқтатып, Темірлан Еңсебектің бұдан былай қудаланбауын қаматамасыз етсін деп айт

Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрі
Тәуелсіздік даңғылы, 1-үй,
Нұр-Сұлтан қ., 010000,
Қазақстан Республикасы

Email: kense@mvd.kz

Facebook: @Ерлан Тургумбаев

Сәлемдеме: Құрметті Ішкі істер Министрі

ТЕМІРЛАНҒА СІЗ ОНЫМЕН БІРГЕ ЕКЕНІҢІЗДІ КӨРСЕТІҢІЗ

Оған бірлік пен достық туралы хабарларыңызды жіберіңіз. Сатиралық пошта карталарын таба алсаңыз немесе әзілдермен бөліссеңіз, Темірланға ұнайды.

Еркіндік қанаты ҰЕҰ
Кенесары көшесі, 8-үй
1417-офис, 14-қабат
Нұр-Сұлтан 010000
Қазақстан

AMNESTY INTERNATIONAL

ТУРАЛЫ

Amnesty International әділетсіздікке қарсы 10 миллионнан астам адамдардың ғаламдық қозғалысы. Біз адам құқығы баршаға ортақ болатын әлем үшін науқан жүргіземіз.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жария етеміз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Біз көмектескен адамдардың оқиғаларын айту арқылы дүние жүзіндегі миллиондаған жақтастарымызды өзгеріс жасауға және алдыңғы қатардағы белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламалары көмегімен адамдарды өз құқықтарын қорғауды қолдаймыз.

Біздің жұмысымыз өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды алға бастыру, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттар құқықтарына дейін қорғап, адамдарға шабыт береді. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғауға көмектесеміз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қауіп төнген әрбір адам үшін үн қосамыз.

AMNESTY INTERNATIONAL
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ХАТШЫЛЫҚ
Peter Benenson House
Истон көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW
Біріккен Корольдік

Индекс: EUR 57/4787/2021
Қазан 2021

e: contactus@amnesty.org
t: +44-20-74135500
f: +44-20-79561157
www.amnesty.org

Басқаша көрсетілмесе,
барлық суреттер
© Amnesty International
тиесілі.
Сыртқы қабаттағы сурет:
© Private

**ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ**

**AMNESTY
INTERNATIONAL**

